ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 қыркүйек №5165-23-00-2/2209 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы Жетісай ауданының мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Еркебаева Майра Маратовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысы Жетісай ауданының мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Еркебаева Майра Маратовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Еркебаева Майра Маратовнадан талап қоюшы Түркістан облысы Жетісай ауданының мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 19 880 (он тоғыз мың сегіз жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыппұл, 600 (алты жүз) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер «жеке кәсіпкер Еркебаева Майра Маратовнадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 02.11.2023, судья Байтенов С. К., 02.11.2023